

**АГРАРЛЫҚ СЕКТОРДАҒЫ ИМПОРТТЫ АЛМАСТЫРУ ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
ФАКОРЫ РЕТІНДЕ**

**IMPORT SUBSTITUTION IN AGRICULTURAL SECTOR AS A FACTOR OF ENSURING
FOOD SECURITY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**ИМПОРТОЗАМЕЩЕНИЕ В АГРАРНОМ СЕКТОРЕ КАК ФАКТОР ОБЕСПЕЧЕНИЯ
ПРОДОВОЛЬСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

К.Б. ШАЛГИМБАЕВА*

э.ғ.к., профессор

К.Б. ТОГЖИГИТОВА

экономика ғылымдарының магистрі

Ж.К. КАРЫМСАКОВА

экономика ғылымдарының магистрі

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы, Қазақстан

**автордың электрондық поштасы: dulat.sagi@mail.ru*

K.B. SHALGIMBAYEVA*

C.E.Sc., Professor

K.B. TOGZHIGITOVA

Master of Economic Sciences

ZH.K. KARYMSAKOVA

Master of Economic Sciences

Kazakh national agrarian research university, Almaty, Kazakhstan

**corresponding author email: dulat.sagi@mail.ru*

К.Б. ШАЛГИМБАЕВА*

к.э.н., профессор

К.Б. ТОГЖИГИТОВА

магистр экономических наук

Ж.К. КАРЫМСАКОВА

магистр экономических наук

Казахский национальный аграрный исследовательский университет,

Алматы, Казахстан

**электронная почта автора: dulat.sagi@mail.ru*

Аңдатпа. Тақырыптың өзектілігі Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты. *Мақсаты* – республиканың азық-түлік импортына тәуелділігін бағалау, сондай-ақ экономиканың аграрлық секторында импортты алмастыруды мемлекеттік ынталандыру шараларын негіздеу: кедендік-тарифтік бақылау, кредит беру, тікелей бюджеттік қолдау, сатып алу және тауар интервенциялары, салықтық және бағалық реттеу. Мақалада келесі *әдістер* қолданылған: жалпы логикалық, жүйелік тәсіл, себеп-салдарлық байланыстарды талдау, салыстыру және топтау. *Нәтижелері* – авторлар ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің және импортталатын азық-түлік тауарларының өсу қарқыны динамикасында талданған. 2016-2020 жылдары байқалған халық өсімінің қарқыны орташа 1,3% сақталған жағдайда, тұтынудың ұтымды нормаларын ескере отырып, 2025 жылға қарай негізгі тағам өнімдері өндірісінің болжамы есептелген. Авторлар отандық өнімдер есебінен импорттық азық – түлікке тәуелділікті азайту мемлекеттік маңызды міндет екенін атап өткен. *Қорытындылар* – ғылыми негізделген физиологиялық қажеттілікке сәйкес келетін көлемде және ассортиментте қауіпсіз тағам өнімдерінің физикалық және экономикалық қол жетімділігіне қол жеткізу және қолдау үшін экономиканы әртараптандыру, оны құрылымдық қайта құру саясатын жүргізу, жеңілдетілген микрокредит беруді пайдалану қажет. Елдің азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз етуге екі жолмен қол жеткізуге болады, біріншісі – азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз етумен байланысты, екіншісі-өзінің тағам индустриясы мен импорттық жеткізілімдердің әлеуетін пайдалануды үйлестіру. Импортты алмастыру

тәуелсіздігін сақтаумен байланысты, бұл жағдайда азық-түлік қауіпсіздігімен байланысты болмақ [1].

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі интегралды сипатқа ие. Онда Агроөнеркәсіптік және экономикалық жаңғыртудың негізгі сәттері, ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің, отандық азық-түлік нарығының нақты жай-күйі мен даму үрдістері, оның импортқа тәуелділік дәрежесінің өзгеруі, елдің әртүрлі өңірлеріндегі халықтың төлем қабілеттілігі шоғырланған. Азық-түлік қауіпсіздігі – экономикалық қауіпсіздіктің маңызды құрамдас бөлігі, олардың қос байланысы айқын.

Экономикалық (ақпараттық, сыртқы экономикалық, өндірістік және т.б.) құрамына кіретін қауіпсіздіктің басқа түрлеріне қатысты азық-түлік қауіпсіздігі ең негізгісі болып табылады. Азық-түлік саясатын ауыл шаруашылығы өндірісін қарқынды дамыту, өнімді сақтау мен қайта өңдеу, сыртқы сауда, азық-түлік нарығын реттеу, ауылды әлеуметтік дамыту міндеттерін тиімді шешу жөніндегі шаралар кешені ретінде қарау керек [2].

Азық-түлік қауіпсіздігі жүйесінің негізі ретінде ауыл шаруашылық өндірісінің тұрақтылығын қамтамасыз ету және бағалау мәселелерін түсіну, қалыптасқан жағдайларды және ауыл шаруашылығынан туындайтын жаңа мәселелерді зерттеу өзекті болып табылады. Елді азық-түлікпен қамтамасыз ету отандық ауыл шаруашылығы өндірісінің орнықты және тиімді жұмыс істеуі жағдайында ғана қол жеткізуге болатын өзін-өзі қамтамасыз ету тұжырымдамасына негізделеді [3].

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеу материалы болып азық-түлік қауіпсіздігінің экономикалық мәселелеріне арналған шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми жарияланымдары болады. Азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұстанымын көрсететін базалық құжаттар, заңдар, Президенттің Жолдаулары, мемлекеттік және салалық бағдарламалар, елдің нормативтік-құқықтық құжаттары болады.

Статистикалық деректер негізінде елдің ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түліктің негізгі түрлері бойынша импортқа тәуелділігі, тағам өнімдері импорты көлемінің серпіні талданған. 2025 жылға дейінгі елдің азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз етуді ескере отырып, ауыл шаруашылық өнімдерін өндірудің қажетті көлемін болжаудың сценарийлеріне эмпирикалық сараптамалық-логикалық әдіс арқылы есептеудің жеңілдетілген моделі қолданылған.

Азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін зерттеу ғылыми шолу және талдау, авторлардың көзқарастары мен ұстанымдарын синтездеу сияқты жалпы ғылыми әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы жүргізіледі.

Егер ел халқы ғылыми негізделген нормалар бойынша, елдің барлық азаматтары үшін қолжетімді бағалар бойынша экологиялық таза, денсаулық үшін пайдалы отандық өндірістің тағам өнімдерімен қамтамасыз етілсе және зілзалалар немесе басқа да төтенше жағдайлар болған жағдайда стратегиялық азық-түлік қорлары құрылған жағдайда мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігіне толық қол жеткізілетін болады.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Ел халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселелері – мемлекеттің негізгі қамқорлығы мен саясатының мәні. Импортсыз азық-түліктің жеткілікті мөлшерімен қамтамасыз ету – әлемдегі кез келген мемлекеттің егемендігін сақтау үшін тұрақтылықтың басты бағыты болмақ. Соңғы он жылда бұл салада айтарлықтай жетістіктер болды. Біздің республикада өнім өндірісінің 80%-ы отандық өндіріске тиесілі болды [4].

Азық-түлікпен қамтамасыз етуді бағалау халықтың негізгі топтарының тамақтану рационының құрылымын неғұрлым сенімді көрсететін тағам өнімдерінің маңыздылығын ескере отырып жүргізілуі керек. Сонымен бірге, таңдалған топ мынадай шарттарға жауап беруі тиіс: тамақтану мөлшерінде азық-түліктің неғұрлым жоғары рейтингке ие болуы және бұл ретте бірін-бірі алмастырмайтын болуы тиіс; әкімшілік аумақтар (округ, өңір, мемлекет) шекараларында өндіру және тұтыну жөніндегі статистикалық деректердің дұрыстығы; азық-түлік санының ең аз болуы, бірақ бұл ретте калория мен негізгі қоректік заттарға қажеттіліктің 80%-дан астамын қамтамасыз етуі тиіс.

Елдің оны өндіру үшін азық-түлік тауарларымен және шикізатпен өзін-өзі қамтамасыз етуі сөздің тар және кең мағынасында екі нұсқада қаралады. Бірінші нұсқада немесе сөздің тар мағынасында өзін-өзі қамтамасыз ету жергілікті ресурстар мен ішкі резервтерді қолдана отырып, өз өндірісі арқылы елдің азық-түлік тауарларына қажеттіліктерін қанағаттандыру деп түсініледі.

Екінші нұсқада, сөздің кең мағынасында, өзін-өзі қамтамасыз ету дегеніміз – жергілікті өндіріс есебінен ел халқының азық-түлік пен өндірістік шикізатқа әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін неғұрлым толық қанағаттандыру, азық-түлік процесіне қатысушылар арасында көлденең, тік, кооперативті және интеграциялық эко-

номикалық байланыстарды құру және кеңейту, балама негізде халықаралық және аймақтық еңбек бөлінісіне тәуелсіз қатысу мүмкіндігі, тауарлармен, жұмыстармен және қызметтермен алмасу болады. Бұл жағдайда біз өзін-өзі қамтамасыз етуді сөздің тар мағынасында, яғни аймақтың өз өндірісі есебінен халықтың азық-түлік қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілетін қарастырамыз.

Елдің азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз етуі ішкі азық-түлік ресурстарымен құрылады және қалыптастырылады. Ол еңбек ресурстарының сапасы мен санымен, халықтың сатып алу мүмкіндіктерімен және оның қажеттіліктерінің даму деңгейімен, аймақаралық байланыстардың сапасымен, аймақтың инвестициялық тартымдылығымен, сауда және көлік инфрақұрылымының тиімді жұмыс жасауымен, өнімдердің сапасымен және кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігімен анықталады [5].

Экономикалық әдебиеттерде «импортты алмастыру» ұғымын процесс ретінде зерттеуді қарастыратын тәсіл деп табуға болады. В.К.Фальсман импортты алмастыруды «дамудың және экономикалық өсудің, жаңғыртудың, жинақталған ғылыми-техникалық артта қалуды еңсерудің және отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың табиғи процесі» деп айқындайды [6].

АӨК-де импортты алмастыру саясатын іске асыру АӨК отандық өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беретін тетікті қалыптастыруды және дамытуды көздейді. Агроөнеркәсіптік кешендегі импортты алмастыру механизмі экономикалық механизмдердің бірлігінде көрінеді – ұйымдастырушылық және экономикалық, оның ішінде формаларды, әдістер мен құралдарды анықтау болады [7].

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік бағдарламасының мақсаттарының бірі ет, сүт, ашық және жабық топырақтағы көкөністер, тұқымдық картоп және жеміс-жидек өнімдеріне қатысты импортты жедел алмастыру болып табылады.

Импортты алмастыру елдің азық-түлік жеткізіліміне тәуелділік проблемасын шешпейді, бұл процесс ішкі нарықта тұтынылатын тамақ өнімдерінің қосылған құны ел ішінде құрылуы үшін отандық өндірушілер үшін қуып жету мақсатында жағдай жасауға (кейде бірнеше жылға протекционизм орнату бағасымен) арналған [қараңыз 1]. Импортты алмастыру кезеңінен кейін, шет елдердің тәжірибесі көрсеткендей, азық-түлік кешенінің неғұрлым бәсекеге қабілетті салаларын жергілікті нарықтан тыс кеңейту

және экспортты дамыту кезеңі келеді. Импортты алмастыру бұл кезде пайда болған идея емес, ол елдің дәйекті аграрлық саясатының бөлігі болуы керек.

Импортты алмастырудың әлеуеті мен орындылығын талдауда келесі тәсілдерді басшылыққа алу қажет:

* импортты алмастырудың мақсаты ішкі нарықта тұтынылатын өнім өндірісінің ең көп санын тұтынушы елге ауыстыру болып табылады;

* елде импортқа ұқсас, көлік шығындарын ескере отырып, ресурстардың негізгі түрлеріне жұмсалатын шығындар бойынша салыстырылатын өндірісті дамыту үшін жағдайлар болуы тиіс;

* импортты алмастыру жөніндегі мемлекеттік саясатты жүргізу кезеңі ішінде салаға инвесторлар тарту мақсатында нарықты қорғау үшін уақытша жағдайлар жасалуы мүмкін.

Отандық ауыл шаруашылығы шикізатының жетіспеушілігі қайта өңдеу (тағам өнеркәсібі) секторындағы импортты алмастыруды тежейтін басты факторлардың бірі болып табылатынын, яғни қосылған құны жоғары неғұрлым қымбат өнімді импортуға алып келетінін атап өткен жөн. Соңғы жылдары мемлекеттік қолдау шараларын іске асырудың арқасында ҚР АӨК-сінің оң динамикасы байқалады. Соңғы бес жылда жалпы өнім көлемі екі есеге (7,4 трлн.тг.), ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестициялар ағыны үш есеге (73,2 млрд.теңге) ұлғайған.

Саланы одан әрі орнықты дамыту мақсатында АӨК дамытудың 2025 жылға дейінгі ұлттық жобасы және АӨК дамытудың 2030 жылға дейінгі Тұжырымдамасы қабылданды, оның негізгі мақсаты қаржыландырудың қолжетімділігін арттыруды, жер қатынастарын дамыту мен саланы цифрландыруды, ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды көздейтін шаралар кешенін қабылдау арқылы елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Сондай-ақ, АӨК өнімдерінің экспортын дамыту және импортты алмастыру бойынша кемінде 582 инвестициялық жобаны іске асыру болады.

Қазақстан Республикасы АШМ басшысының баяндамасында 2021 жылдың қорытындысы бойынша азық-түлік тауарларының 29 негізгі түрі бойынша ішкі нарықтың отандық өндіріс есебінен қамтамасыз етілуі 80% және одан да көп құрайтыны айтылған.

Оның ішінде 11 ішкі тауар позициясы бойынша нарық 100% және одан да көп

қамтамасыз етілген (нан, макарон, сүт, картоп, қияр, күріш, қой еті, тауық жұмыртқасы, бидай ұны, қарақұмық жармасы, тұз), 12 тауар позициясы бойынша қамтамасыз ету 80% және одан да көп (қызанақ, сәбіз, қырыққабат, пияз, бұрыш, қызылша, сиыр еті, жылқы еті, шошқа еті, қышқыл сүт өнімдері, сары май, өсімдік майы). Бұған алма – (73,7%), құс еті – (65,4%), шұжық өнімдері – (56,4%), ірімшік және сүзбе – (56%), қант – (42,6%) сияқты тауарлар жатпайды. Тауарлардың осы топтары бойынша импорт сомасы 700 млн долл. құрайды.

Бұл ретте 2025 жылдың соңына дейін 24 ет комбинатын іске қосу, 8,2 мың га алаңда бақтар салу бойынша 21 жобаны іске асыру, 20 сүт өңдеу зауытын іске қосу, 23 құс фабрикасын салу және кеңейту, жаңа қант зауытын салу жоспарлануда. Ағымдағы геосаяси жағдайды ескере отырып, импортты алмастыру Қазақстан экономикасы үшін ерекше өзектілікке ие болып отыр [8].

Импортты алмастыру саясатын жүргізу проблемалары мен перспективалары Қазақстан экономикасын дамытудың стратегиялық басымдығы болып қалуда. Бұл аумақтың азық-түлік қауіпсіздігіне және елдің ұлттық мүдделеріне қауіп төндіретін азық-түліктің жекелеген түрлерінің импортының болуына байланысты. Қазіргі уақытта іске асырылып жатқан АӨК-ні мемлекеттік қолдау импортты алмастыруды қам-

тамасыз ету мақсатында ауыл шаруашылығы өнімін ұлғайтуға бағытталған.

Мұның бәрі агроөнеркәсіптік кешенді қолдау процесін жетілдіру, ауылдық аумақтарды тиімді дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қаржылық тұрақтылығын арттыру, олардың кірістілігінің жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету, толыққанды өндірістік инфрақұрылымды қалыптастыру және дамыту қажеттілігін негіздейді.

Агроөнеркәсіптік кешен Қазақстан экономикасының жетекші секторларының қатарына жатады, өйткені ол азық-түлік нарығын қалыптастырады, сондай-ақ елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігіне елеулі қатер азық-түлік импортына тәуелділіктің күшеюі болып табылады.

Импорттық тағам өнімдерінің қорлары есебінен азық-түлік қауіпсіздігіне қол жеткізу кезінде баға демпингі, ішкі нарықтың жоғалуы және одан әрі – бағаның монополиялық өсуіне, инвестициялардың аграрлық өндірістен инфрақұрылымдық объектілерге көшуіне байланысты өз өндірісінің қысқаруына алып келуі және, сайып келгенде, отандық тауар өндірушілерге залал келтіруі мүмкін. Сонымен қатар, импорт елдің экономикалық және өндірістік әлеуетін, демек, мемлекеттің ұлттық күшін төмендетеді. 1 кестеден көріп отырғанымыздай, негізгі тағам өнімдері бойынша импорт өскен.

1 кесте – 2016-2020 жылдары ҚР-дағы негізгі азық-түлік тауарларының импорты, мың т

Өнімдер	2016ж.	2017ж.	2018ж.	2019ж.	2020ж.	2020ж 2016ж-ға,%
Ет және тағамдық қосымша өнімдер	180,7	198,5	213,7	205,5	217,1	120,1
Құс еті	165,6	173,8	191,8	173,4	183,4	110,7
Өңделген балық, шаян тәрізділер және ұлулар	43,7	42,2	42,0	45,9	48,7	111,4
Сүт өнімдері	151,7	151,0	136,0	139,5	171,7	113,2
Сары май	8,9	7,0	6,4	5,0	7,2	80,9
Күнбағыс майы	96,8	87,9	93,5	115,6	104,9	108,4
Картоп	13,3	17,4	25,5	30,1	28,4	213,5
Қант	104,8	185,0	249,8	250,5	418,2	4,0
Ірімшік және сүзбе	20,8	23,0	22,1	25,4	34,6	1,7
Ескерту: [9,10] әдебиет көздері бойынша құрастырылған						

Мал шаруашылығы өнімдері нарығында үлкен тәуелділік байқалады. 2016 жылдан бастап 2020 жылға дейін ет импорты 20%-ға, сүт өнімдері 13,2%-ға, ірімшік пен сүзбе 1,7 есеге ұлғайған. Біздің ел халқының диетасындағы импортталған ком-понентке тәуелділіктің ең өткір проблемасы қантқа қатысты көрінеді.


Соңғы уақытта азық-түлік тауарлары импортының өсу қарқынымен салыстырғанда отандық ауыл шаруашылығы өнім-

дері өндірісінің өсу қарқынының ұлғаюы байқалады. 2021 жыл ерекше жағдай болып табылады, мұнда импорттық өнімнің өсу қарқынымен салыстырғанда ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің өсу қарқынының төмендеуі байқалады (1 сурет).

Ел халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету саласындағы қалыптасқан жағдайдың қарама-қайшылығы астық кешенінің көлемі мен астық өндіру көлемі бойынша әлемде жетекші орын алатын және азық-түліктің

әлемдік экспорттаушыларының бірі бола отырып, өндірістік ресурстардың барлық негізгі түрлері бойынша өзін-өзі қамтамасыз ететін ҚР болып табылады. Бұл ретте азық-түлік импортының ұлғаюына ықпал

ететін факторлардың бірі отандық тауар өндірушілерден азық-түлікті сатып алумен салыстырғанда делдал құрылымдар үшін импорттық операциялардың неғұрлым жоғары табыстылығы болып табылады.



Ескерту: [қараңыз 9,10] әдебиет көздері бойынша құрастырылған
1 сурет – Азық-түлік тауарлары импортының мен ауыл шаруашылығының жалпы өнімі өсу қарқынының серпіні, %

Сонымен, бір атаудағы өнімдердің сатып алу импорттық және тұтынушылық бағалары арасындағы айырмашылығы шамамен екі есені құрайды.

Қалыптасқан жағдайда Қазақстанның аграрлық саясатының маңызды стратегиялық міндеті азық-түліктің негізгі топтары бойынша импортты алмастыру, атап айт-

қанда елді қажеттіліктің кемінде 80% деңгейінде сапалы ауыл шаруашылығы өнімдерімен, шикізатпен және азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз ету болып табылады.

Елдің азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз етуді ескере отырып, ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің қажетті көлемінің алдын ала есептеулерін жүргіземіз (2 кесте).

2 кесте – ҚР азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз ету мағынасындағы ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің нақты және қажетті көлемі

Азық-түлік өнімдері	Өндіріс көлемі 2020 жылы		Кг-дағы ұтымды тұтыну нормасы	2025 жылғы азық-түлік қауіпсіздігінің деңгейі (нормадан 80% нормадан тыс), мың т
	мың т	халықтың жан басына шаққанда, кг		
Ет	1 168,6	62	70-75	1 407
Сүт	6 051,4	320	320-340	6 432
Жұмыртқа, млн дана	5 065,8	268	260	4 824
Көкөністер	4 590,9	243	120-140	2 412
Картоп	4 006,8	212	95-100	1 809

Ескерту: [қараңыз 9,10;11] әдебиет көздері бойынша құрастырылған

Есептеу кезінде 2016-2020 жылдары байқалған халықтың өсу қарқыны орта есеппен 101,3% сақталады деп болжаймыз. Болжамды деректерді ескере отырып, елдегі халық саны артып, тиісінше 20,1 млн адамды құрайды [қараңыз 11].

Қазіргі уақытта ҚР АӨК экономикалық дамуының перспективалық стратегиясы импортты алмастыру болып табылады, ол отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің белсенді мемлекеттік қолдауымен экономикалық өсуге ынталандыру болуға қабілетті. Импортты алмастырудың экономикалық орындылығы отандық өндіріс өз азаматтарына жаңа жұмыс орындарын

ұсынуға, өнімнің артық құнын сақтауға мүмкіндік беретіндігінде.

Мемлекеттік саясат, өз кезегінде, елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүдделерінен туындайды. Импортты алмастыру отандық өндірісті дамыту және импорттық өнімді шетелден сатып алынғандардан кем емес, сапасы жағынан асып түсетін қазақстандық ұқсастықтарымен ығыстыру жолымен импорт көлемін қысқартуға мүмкіндік береді. Бұл ретте мемлекеттің күш-жігері отандық ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, оның экспортын ұлғайтуға бағытталуы тиіс.

Отандық тауар өндірушілерді ынталандыру және қолдау, агроөнеркәсіптік өндіріс көлемін ұлғайту мақсатында жаңа кәсіпорындар құру импортты ұтымды етуге ықпал етеді. Сонымен қатар, Қазақстанның сыртқы экономикалық саясаты елдің ішінде жеткілікті мөлшерде және ассортиментте өндірілетін өнімдерге елдің азық-түлікке тәуелділігінің төмендеуін қамтамасыз етуі тиіс.

Импортты алмастыру саясатын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың жаңа бағым бағыттарын бөлуді көздейтін аталған мемлекеттік бағдарламаларға өзгерістер жобасын дайындады, олардың ішінде:

- ашық топырақта картоп пен көкөніс өндірісін дамыту;
- қорғалған топырақта көкөніс өндірісін дамыту;
- сүтті және етті мал шаруашылығын дамыту;
- өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығының кіші салаларында селекциялық-генетикалық орталықтарды дамыту;
- ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу, қайта өңдеу, сақтау және өткізу бойынша көтерме-тарату (логистикалық) орталықтарын дамыту;
- АӨК қаржы-несие жүйесін дамыту.

Қорытындылай келе, отандық өндіріс есебінен импорттық азық-түлікке тәуелділікті азайту мемлекеттік маңызды міндет екенін атап өткен жөн. Оның шешімі импортқа қызмет көрсету бойынша бюджетке қысымды төмендетіп қана қоймай, инновациялық өндірістер мен жаңа жұмыс орындарын құра отырып, АӨК-нің көптеген салаларында экономикалық өсу үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Импортты алмастыру міндетін шешу отандық ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру кезінде мүмкін болады, бұл ресурс үнемдейтін технологияларды қолдану негізінде қазіргі заманғы жоғары технологиялық өндірістерді ұйымдастыруды талап етеді.

Импортты алмастыру мәселелері отандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігімен тікелей байланысты, ол әзірше жоғары емес. Бәсекеге қабілеттілікті арттырудың негізгі бағыттарының ішінде мыналарды атап өткен жөн:

- қараусыз қалған жерлерді игеру (56 млн га-дан астам жер пайдаланылмайды);
- саланы технологиялық жаңарту (елде 1 мыңнан аз отандық трактор өндіріледі, ауыл шаруашылығы техникасын шығару даналап қалды; қайта өңдеу салаларында өндірістік қорлардың тозуы 60-65%-ға жетеді);

- ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің түпкі тұтынушы нарығына қолжетімділігін кеңейту;

- агротехникалық жұмыстар көлемін ұлғайту (ҚР-да басқа дамыған елдерге қарағанда тыңайтқыштар 5 есе аз пайдаланылады);

- ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту.

Қазақстан Республикасындағы импортты алмастыру процесінің табысқа жету мүмкіндігі жоғары. Бұл көптеген факторларға байланысты. Біріншіден, қазақстандық кәсіпорындарда қажетті шикізатқа, табиғи ресурстарға қол жеткізуде проблемалар жоқ. Екіншіден, ҚР-да өндірісті ашу кезіндегі өндірістік шығындар көптеген жағдайларда кейбір табиғи ресурстардың арзандығы есебінен шет елдерге қарағанда төмен болады. Үшіншіден, Қазақстанның елеулі технологиялық әлеуеті бар.

Өз қажеттіліктерін қанағаттандыру және импорттық өнімдерді отандық өнімдермен алмастыру арқылы ауыл шаруашылығы белгілі бір даму катализаторы бола отырып, ел экономикасының эволюциясына әсер етуі мүмкін. Экономикалық тұрақсыздықтың алғышарттары импортқа тәуелділікті еңсеру үшін Ауыл шаруашылығын қарқынды дамыту қажет екенін көрсетеді. Сонымен қатар, импортты сәтті алмастыру біртіндеп ауыл шаруашылығының экспортқа бағдарлануына әкеледі.

Қорытынды.

1. Азық-түлік қауіпсіздігі өз ауыл шаруашылығы өндірісінің даму деңгейі, қайта өңдеуші тамақ кәсіпорындарында жоғары технологиялық жабдықтарды жаңғырту және пайдалану үшін жағдайлардың болуы сияқты факторлардың әсерінен ғана емес, сонымен қатар Өңірлерді сауда-логистикалық қамтамасыз етудің жолға қойылуы, олардың аумақтық орналасуы және табыс деңгейі сияқты факторлардың әсерінен қалыптасады.

2. Қазақстан халқының азық-түлік қауіпсіздігі проблемаларын шешу үшін ұлттық аграрлық азық-түлік секторын дамытуды мемлекеттік қолдау мен ынталандырудан басқа, ұлттың денсаулығын арттыру міндеттерін негізге ала отырып, азық-түліктің қолжетімділігі мен сапасын арттыру тетіктерін әзірлеп, заңнамалық тұрғыдан бекіту қажет.

3. Елдің азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз ету екі жолмен жүзеге асырылуы мүмкін. Бірінші жол азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз етумен байланысты. Азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз етудің екінші жолы – азық-түліктің өзіндік өндірісі мен жетіспейтін азық-түліктің импорттық жеткізімдерінің мүмкіндіктерін пайдалану.

4. Биліктің барлық деңгейлерінің, бизнес-құрылымдардың және АӨК кәсіпорнының іс-қимылын қазақстандық экономика дамуының қазіргі заманғы үрдістеріне сәйкес келетін бағдарламалық-нысаналы тетіктермен және нормативтік-құқықтық қамтамасыз етумен өзара байланыстыра отырып, ортақ үлгі әзірлеу қажет.

5. АӨК-дегі инвестициялық қызметті ынталандыру бөлігінде инвестициялық ресурстардың көлемін ұлғайту және олардың қолжетімділігі үшін жағдай жасау қажет. Бұл ретте жаңадан тартылатын инвестициялық несиелерді субсидиялау көлемінің ұлғаюы ерекше маңызды болып табылады. Сондай-ақ гранттық қолдау бағытын және нысаналы жеңілдікті қысқа мерзімді несие беру тізбесін кеңейту мүмкін деп санаймыз.

Список литературы

- [1] Шалгимбаева, К.Б. Продовольственная безопасность Казахстана в условиях глобализации / К.Б. Шалгимбаева, Н.Теберикова // Поиск. – 2021. - №3. - С.90-94.
- [2] Кахарманова, С.М. Совершенствование системы продовольственного обеспечения в Казахстане / С.М. Кахарманова // Проблемы агрорынка. - 2020. - №1. - С11- 17.
- [3] Шалгимбаева, К.Б. Устойчивость аграрного производства в системе продовольственной безопасности региона / К.Б.Шалгимбаева, И. Кудайбергенова // Поиск. – 2021. - №3. - С.95-99.
- [4] Молдашев, А.Б. Продовольственная безопасность Казахстана / А.Б. Молдашев, М.Т. Кантуреев, А.Г. Мадиева // Проблемы агрорынка. - 2020. - №1. - С.11- 17.
- [5] Вартанова, М. Л. Актуальные проблемы обеспечения продовольственной безопасности: продовольственная самодостаточность региона при эффективно функционирующем региональном продовольственном рынке / М.Л. Вартанова, Е.В. Дробот. - Росийское предпринимательство.– 2018.– Т. 19.- № 2.- С. 408-410.
- [6] Фальсман, В.К. Формирование импортозамещение в новой геополитической обстановке / В.К.Фальсман // Проблемы прогнозирования.– 2015.- №1. – С. 22-32.
- [7] Горшкова, Н.В. Импортозамещение в АПК: механизм реализации и перспективы развития / Н.В. Горшкова, Е.А. Шкарупа // Вестник Волгоградского государственного университета. Экономика.- 2021.-Т.23.-№3.- С.63-72.
- [8] Программа импортозамещения до 2025 года разрабатывается в Казахстане [Электронный ресурс].– 2022. - URL: <https://www.primeminister.kz/ru/news/programma-importozameshcheniya-do-2025-goda-razrabatyvaetsya-v-kazahstane-2631455> (дата обращения: 10.07.2022).
- [9] Сельское, лесное и рыбное хозяйство в Республике Казахстан, 2016-2020гг. Статистический сборник Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан

[Электронный ресурс]. – 2021.- URL: <https://www.stat.gov.kz> (дата обращения: 12.07.2022).

[10] Балансы ресурсов и использования важнейших видов сырья, продукции производственно-технического назначения и потребительских товаров по Республике Казахстан, 2016-2020гг. Статистический сборник Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан [Электронный ресурс].– 2021.- URL:<https://www.stat.gov.kz> (дата обращения: 12.07.2022).

[11] Демографический ежегодник Казахстана, 2016-2020гг. Статистический сборник Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан [Электронный ресурс]. – 2021.- URL:<https://www.stat.gov.kz> (дата обращения: 12.07.2022).

References

- [1] Shalgimbaeva, K.B. & Teberikova, N. (2021). Prodovol'stvenaja bezopasnost' Kazahstana v uslovijah globalizacii globalizacii [Food security of Kazakhstan in the context of globalization]. *Poisk- Search*, 3, 90-94 [in Russian].
- [2] Kaharmanova, S.M. (2020). Sovershenstvovanie sistemy prodovol'stvennogo obespechenija v Kazahstane [Improving the food supply system in Kazakhstan]. *Problemy agrorynka-Problems of Agrimarket*, 1, 11-17 [in Russian].
- [3] Shalgimbaeva, K.B. & Kudaibergenova, A. (2021). Ustojchivost' agrarnogo proizvodstva v sisteme prodovol'stvennoj bezopasnosti regiona [Sustainability of agricultural production in the system of food security of the region]. *Poisk-Search*, 3, 95-99 [in Russian].
- [4] Moldaşev, A.B., Kantureev, M.T. & Madiyeva, A.G. (2020). Prodovol'stvennaja bezopasnost' Kazahstana [Food security of Kazakhstan]. *Problemy agrorynka-Problems of Agrimarket*, 1, 11-17 [in Russian].
- [5] Vartanova M.L.& Drobot E.V. (2018). Aktual'nye problemy obespechenija prodovol'stvennoj bezopasnosti: prodovol'stvennaja samodostatocchnost' regiona pri jeffektivno funkcionirujushhem regional'nom prodovol'stvennom rynke [Actual problems of ensuring food security: food self-sufficiency of the region with an effectively functioning regional food market. Russian entrepreneurship]. *Rosijjskoe predprini-matel'stvo - Russian entrepreneurship*, 19 (2), 408-410 [in Russian].
- [6] Falsman V.K. (2015). Formirovanie importozameshhenie v novej geopoliticheskoj obstanovke [Formation of import substitution in the new geopolitical situation]. *Problemy prognozirovania-Problems of Forecasting*, 1, 22-32 [in Russian].
- [7] Gorškova, N.V. & Şkarupa E.A. (2021). Importozameshhenie v APK: mehanizm realizacii i perspektivy razvitija / [Import substitution in the agro-industrial complex: implementation mechanism and development prospects]. *Vestnik Volgogradskogo gosudarstvennogo universiteta. Ekonomika-Bulletin of the Volgograd State Univer-sity. Economy*, 23(3), 63-72 [in Russian].

[8] Programma importozameshheniya do 2025 goda razrabatyvaetsya v Kazahstane [The import substitution program until 2025 is being developed in Kazakhstan] (2022). Available at: <https://www.primeminister.kz/ru/news/programma-importozameshcheniya-do-2025-goda-razrabatyvaetsya-v-kazahstane-2631455> (date of access: 10.07.2022) [in Russian].

[9] Sel'skoe, lesnoe i rybnoe hozjajstvo v Respublike Kazahstan, 2016-2020gg. Statisticheskij sbornik Bjuro nacional'noj statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazahstan [Agriculture, forestry and fisheries in the Republic of Kazakhstan, 2016-2020 / Statistical collection of the Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan] (2021). Available at: URL: <https://www.stat.gov.kz> (date of access: 12.07.2022) [in Russian].

[10] Balansy resursov i ispol'zovaniya vazhnejshih vidov syr'ja, produkcii proizvodstvenno-technicheskogo naznacheniya i potrebitel'skih to-

varov po Respublike Kazahstan, 2016-2020 gg. Statisticheskij sbornik Bjuro nacional'noj statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazahstan [Balances of resources and use of the most important types of raw materials, industrial and technical products and consumer goods in the Republic of Kazakhstan, 2016-2020 / Statistical compendium of the Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan] (2021). Available at: URL: <https://www.stat.gov.kz> (date of access: 12.07.2022) [in Russian].

[11] Demograficheskij ezhegodnik Kazahstana, 2016-2020gg. Statisticheskij sbornik Bjuro nacional'noj statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazahstan [Demographic Yearbook of Kazakhstan, 2016-2020/ Statistical Digest of the Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan] (2021). Available at: URL: <https://www.stat.gov.kz> (date of access: 12.07.2022) [in Russian].

Авторлар туралы ақпарат:

Шалгимбаева Куляш Басаргабызовна – негізгі автор; экономика ғылымдарының кандидаты, профессор; Х.Д. Чуринов атындағы «Менеджмент және агробизнесі ұйымдастыру» кафедрасының профессоры; Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті; 050010 Абай даңғ., 8, Алматы қ., Қазақстан; e-mail: dulat.sagi@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-2381-7844>

Тогжигитова Карлыгаш Болатовна; экономика ғылымдарының магистрі; Х.Д. Чуринов атындағы «Менеджмент және агробизнесі ұйымдастыру» кафедрасының аға оқытушысы; Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті; 050010 Абай даңғ., 8, Алматы қ., Қазақстан; e-mail: ktogzhigitova@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-9704-1252>

Карымсакова Жанар Койшибековна; экономика ғылымдарының магистрі; Х.Д. Чуринов атындағы «Менеджмент және агробизнесі ұйымдастыру» кафедрасының аға оқытушысы; Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті; 050010 Абай даңғ., 8, Алматы қ., Қазақстан; e-mail: zhkarymsakova@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-3967-6409>

Information about authors:

Shalgimbayeva Kulyash Basargabyzovna - The main author; Candidate of Economic Sciences, Professor; Professor of the H.D. Churin Department of Management and Organization of Aribusiness; Kazakh National Agrarian Research University; 050010 Abay Ave., 8, Almaty, Kazakhstan; e-mail: dulat.sagi@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-2381-7844>

Togzhigitova Karlygash Bolatovna; Master Economic Sciences; Senior Lecturer of the H.D. Churin Department of Management and Organization of Aribusiness; Kazakh National Agrarian Research University; 050010 Abay Ave., 8, Almaty, Kazakhstan; e-mail: ktogzhigitova@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-9704-1252>

Karymsakova Zhanar Koyshibekovna, Master of Economic Sciences; Senior Lecturer of the H.D. Churin Department of Management and Organization of Aribusiness; Kazakh National Agrarian Research University; 050010 Abay Ave., 8, Almaty, Kazakhstan; e-mail: zhkarymsakova@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-3967-6409>

Информация об авторах:

Шалгимбаева Куляш Басаргабызовна – основной автор; кандидат экономических наук, профессор; профессор кафедры «Менеджмент и организация агробизнеса» им. Х.Д. Чурина; Казахский национальный аграрный исследовательский университет; 050010 пр.Абая, 8, г.Алматы, Казахстан; e-mail: dulat.sagi@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-2381-7844>

Тогжигитова Карлыгаш Болатовна; магистр экономических наук; старший преподаватель кафедры «Менеджмент и организация агробизнеса» им. Х.Д. Чурина; Казахский национальный аграрный исследовательский университет; 050010 пр.Абая, 8, г.Алматы, Казахстан; e-mail: ktogzhigitova@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-9704-1252>

Карымсакова Жанар Койшибековна; магистр экономических наук; старший преподаватель кафедры «Менеджмент и организация агробизнеса» им. Х.Д. Чурина; Казахский национальный аграрный исследовательский университет; 050010 пр.Абая, 8, г.Алматы, Казахстан; e-mail: zhkarymsakova@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-3967-6409>